

**2012 жылғы 10 желтоқсанда өткен «Қазақстан  
Республикасында ғарыш саласын құрудың өзекті  
мәселелері» тақырыбындағы Үкімет сағатының  
нәтижелері бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Төрағасы Т.А.Мұсабаевтың баяндамасын тыңдай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

«Байқоңыр» ғарыш айлағының әлеуетін тиімді пайдалану, оның экологиялық проблемаларын шешу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ғарыш жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде жұмысты жалғастырсын;

«Байқоңыр» ғарыш айлағында ұшырғыш зымырандарды дайындау мен ұшырудың технологиялық операцияларына тікелей қатысу және коммерциялық ұшырулардың әлемдік нарығына кіру мақсатында «Бәйтерек» экологиялық қауіпсіз ғарыштық зымыран кешенін құру жобасын уақтылы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

елдің индустриалдық-инновациялық дамуын жеделдетуге ықпал ететін ғарыш инфрақұрылымының өзіндік объектілерін дамыту және алдыңғы қатарлы ғарыштық технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты жандандырсын;

тіркелген спутниктік байланыс арқылы телекоммуникациялық қызметтер ұсыну және қазақстандық байланыс операторларын «KazSat-2» спутнигіне біртіндеп ауыстыру кезінде ұлттық мүдделерді қорғау, қазақстандық құрамды арттыру мақсатында қазақстандық байланыс және хабар тарату спутниктерінің толымды орбиталды тобын құрудың тиімді шараларын көздесін;

ғарыш ғылымының лабораториялық және тәжірибелік-экспериментальдық базасын құруды және қазіргі заманғы ғылыми аспаптармен және құрал-жабдықпен жарақтауды қамтамасыз етсін;

ғарышты бейбіт мақсатта пайдалану саласында бірлескен мемлекетаралық зерттеулер жүргізу жөнінде шетелдік ғарыш агенттіктерімен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды және ғарыш қызметі саласында халықаралық серіктестікті күшейтсін;

экологиялық қауіпсіздіктің сақталуына, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығына және қоршаған ортаның, сондай-ақ ғарыш қызметі нәтижесінде келтірілген нұқсанды және зиянды өтеу жөніндегі талаптардың сақталуына бақылауды күшейтсін;

ғарыш техникасымен практикалық жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті кадрларды, әсіресе, жас ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді және техника мамандарын тарту жөнінде жүйелі жұмыс жүргізсін;

ғарыш қызметі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмысты жалғастырсын.